



ЕЛ МҮДДЕСІ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМ «Amanat» пен «Әdilet» партиялары бірікті

14 МАУСЫМ КҮНІ АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «ӘDILET» ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЪЕЗІНДЕ ДЕЛЕГАТТАР «AMANAT» ПАРТИЯСЫНЫҢ «ӘDILET» ПАРТИЯСЫНА ҚОСЫЛУЫ ТУРАЛЫ ТАРИХИ ШЕШІМДІ БІРАУЫЗДАН ҚОЛДАДЫ.

Бұл шешім еліміздегі саяси жаңғыру үдерісінің заңды жалғасы әрі мемлекет пен қоғам мүддесін ортақ мақсатқа жұмылдыруға бағытталған маңызды қадам ретінде бағалануда. Съезд жұмысына қатысушылар партияның болашақ даму бағыттарын, ұйымдастырушылық құрылымын жетілдіру мәселелерін талқылап, барлық өңірлерде филиалдар құру жөнінде шешім қабылдады. Сонымен қатар өңірлік филиалдардың қызметін реттейтін ереже бекітілді.

«Әdilet» партиясының төрағасы Айбек Дәдебай өз сөзінде бұл бірігудің жай ғана саяси ұйымдардың қосылуы емес, елдің болашағы үшін жауапкершілікті бөлісуге негізделген маңызды қадам екенін атап өтті.

– «Amanat» партиясының «Әdilet» партиясына



қосылуы – тар партиялық мүдделерден жоғары тұратын, ұлттық жауапкершілікке негізделген салмақты шешім. Бұл – қазақстандық қоғамның ел мүддесі үшін біріге алатынының нақты дәлелі. Қабылданған шешім қоғам, мемлекет және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершіліктен туындап отыр. Оның басты мақсаты – ел бірлігін нығайтып, азаматтардың әл-ауқатын арттыру, әділеттілікті мемлекеттік басқару жүйесінің негізгі қағидатына

айналдыру, – деді партия төрағасы.

Съезд делегаттары бұл ұсынысты толық қолдап, жаңа саяси құрылымның алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруға дайын екендіктерін білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та аталған шешімге жоғары баға берді. Президент «Amanat» партиясының бұрынғы төрағасы Ерлан Қошановқа партияны басқарған кезеңдегі

нәтижелі қызметі үшін алғыс айтып, партия мүшелерінің тарихи шешім қабылдап, «Әdilet» партиясының қатарына қосылуын құптағанын жеткізді.

Президент өз сөзінде елімізді жаңғырту, заң үстемдігі мен қоғамдық тәртіпке негізделген Әділетті Қазақстанды құру жолында «Amanat» партиясының елеулі еңбек сіңіргенін атап өтті. Сондай-ақ бұрынғы партия мүшелерінің жаңа саяси ұйым құрамында да ел игілігі жолындағы қызметін жалғастыратынына сенім білдірді.

Саяси сарапшылардың пікірінше, екі партияның бірігуі қоғамдық күштердің шоғырлануына, саяси жүйенің тиімділігін арттыруға және елдегі реформаларды жүзеге асыруға жаңа серпін беруі мүмкін. Бүгінде Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси жаңғыру үдерісі мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, «Amanat» пен «Әdilet» партияларының бірігуі елдің тұрақты дамуы мен ұлттық бірлікті күшейту жолындағы маңызды тарихи белес ретінде бағалануда.

Жаңа саяси құрылымның басты мақсаты – азаматтардың сенімін ақтау, әділеттілік қағидаттарын қоғамдық өмірдің барлық саласына орнықтыру және Әділетті Қазақстан құру жолындағы реформаларды қолдау.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙТІЛДІ

ЖАЗ МЕЗГІЛІ БАСТАЛҒАЛЫ БЕРІ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ШЕГІРТКЕНІҢ КӨБЕЮІ ТҰРҒЫНДАРДЫ АЛАҢДАТЫП ОТЫР. ӘСІРЕСЕ АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЖӘНДІКТЕРДІҢ ҚАПТАУЫ ЖАЙЫЛЫМДЫҚ АЛҚАПТАР МЕН ӨСІМДІК ЖАМЫЛҒЫСЫНА ЗИЯНЫН ТИГІЗІП ЖАТЫР. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ АУМАҚТЫҚ ИНСПЕКЦИЯСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІНШЕ, ЗИЯНКЕСТЕРДІҢ КӨБЕЮІНЕ БИЫЛҒЫ КӨКТЕМДЕГІ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ МОЛ ТҮСУІ МЕН АУА РАЙЫНЫҢ ҚОЛАЙЛЫ БОЛУЫ ӘСЕР ЕТКЕН. МАМАНДАРДЫҢ АЙТУЫНША, МҮНДАЙ ТАБИҒИ ЖАҒДАЙЛАР ШЕГІРТКЕЛЕРДІҢ ДЕРНӘСІЛДЕРІНІҢ САҚТАЛУЫНА ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАППАЙ ТАРАЛУЫНА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС: МАҢҒЫСТАУДА 11 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР ХИМИЯЛЫҚ ӨНДЕУДЕН ӨТЕДІ

Жаз мезгілі басталғалы бері Маңғыстау облысында шегіртке зиянкестерінің көбеюі байқалды. Өңірде фитосанитариялық жағдай тұрақты бақылауда.



Осыған байланысты өңірде фитосанитариялық жағдайды бақылау күшейтілді. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне

қарасты Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының Маңғыстау облыстық филиалы шегіртке ошақтарын анықтау

және олардың таралу аумағын нақтылау мақсатында тұрақты мониторинг жүргізіп жатыр.

Қазіргі таңда облыстың Бейнеу және Маңғыстау аудан-

дарында зиянкестерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары қарқынды. Бүгінге дейін жалпы көлемі 5 мың гектар жер өңделген. Жоспар бойынша өңірде барлығы 11 мың гектар аумақ химиялық өңдеуден өтеді.

Жұмыстарды жүргізу «Магтоксин» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жүктелген. Шегірткеге қарсы күреске арнайы жабдықталған ГАЗ-3308 техникасына орнатылған екі жерүсті бүріккіші тартылып, өңдеу барысында «Имидашанс ВРК» препараты қолдануда.

Жауапты мекемелердің мәліметіне сәйкес осы айдың соңына дейін Бейнеу ауданының Бейнеу және Төлеп ауылдары бағытында, сондай-ақ Маңғыстау ауданының Сайөтес пен Үстірт аумақтарында жоспарланған өңдеу жұмыстарын толық аяқтайды.

Мамандар шегірткелердің жаппай көбеюі ауыл шаруашылығы үшін елеулі қауіп төндіретінін айтады. Зиянкестер өсімдік жамылғысын жойып, жайылымдық жерлердің өнімділігін төмендетуі мүмкін. Сондықтан олардың таралуына жол бермеу мақсатында профилактикалық және химиялық өңдеу шаралары дер кезінде қолға алынуда. Облыстық аумақтық инспекция өкілдерінің айтуынша, барлық жұмыстар фитосанитарлық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жүргізіліп жатыр. Өңдеу кестесі бекітілген жоспар бойынша жүзеге асуда және өңірдегі фитосанитарлық ахуал тұрақты бақылауда.

Мамандар тұрғындарды негізсіз дүрбелеңге салынбауға шақырады. Қазіргі таңда шегіртке ошақтарын оқшаулау және олардың таралуын шектеу бағытындағы жұмыстар жалғасады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ТЕҢІЗ ЭКОЖҮЙЕСІН САҚТАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ БАЛЫҚ РЕ-
СУРСТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КАСПИЙ
ТЕҢІЗІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ТАЛҚЫЛАНДЫ.

Жыныда балық ресурстарын қорғау және браконьерлікпен күрес, Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтының қызметі мен алдағы жоспарлары, сондай-ақ «Каспий итбалығы» мемлекеттік табиғи резерватының жұмысы қаралды.

Маңғыстау облысының балық шаруашылығы басқармасының мәліметінше, өңірдегі Каспий теңізі акваториясында 37 кәсіпшілік балық аулау учаскесі айқындалған. Оның 22-сі балық шаруашылығы субъектілеріне бекітіліп, салада 734 адам еңбек етеді. Биылғы бес айда құқық қорғау және табиғат қорғау органдарымен бірлесіп 89 рейд өткізіліп, анықталған заңбұзушылықтар бойынша әкімшілік шаралар қабылданды. Браконьерлікпен күресте заманауи техника мен дрондар қолданылуда.

Жиында облыстық Полиция департаменті табиғат қорғау заңнамасын бұзудың алдын алу және анықтау бағытындағы жұмыстар туралы баяндады. Жыл басынан бері табиғат қорғау заңнамасын бұзуға қатысты 22 қылмыстық құқық бұзушылық тіркеліп, заңсыз айналымнан бекіре тұқымдас балықтар, уылдырық және басқа да заңсыз өнімдер тәркіленген.

Сондай-ақ Қазақ Каспий теңізі ғылыми-зерттеу институтының атқарған жұмыстары таныстырылды. Институт Каспий теңізі деңгейінің төмендеу себептерін және оның қоршаған ортаға әсерін зерттеп, жағалау сызығының өзгеруіне тұрақты мониторинг жүргізуде. Зерттеу нәтижелері бойынша 2000–2025 жылдар аралығында Қазақстандық Каспий секторының акваториясы 16 мың шаршы шақырымнан астам қысқарған. Бұдан бөлек, институт халықаралық ғылыми ұйымдармен және Каспий маңы мемлекеттерімен ынтымақтастық орнатып, теңіз экожүйесін сақтау бағытында бірлескен жобаларды іске асыруда.

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ
БАСПАӨЗ ҚЫЗМЕТІ